



Н. САРҒОЖАЕВ

**АУЫЛ МҰҒАЛІМІ—
ПАРЛАМЕНТ МУШЕСІ**

(Деректі-публицистикалық әңгіме)

Алматы «Рауан» 1992

ББК 74.200
С 22

Сарғожаев Н.

С 22 Ауыл мұғалімі — парламент мүшесі:
(Деректі-пўблицист. әңгіме).— Алматы:
Рауан, 1992.— 80 бет.
ISBN 5-625-01477-9

Бұл кітапшада автор ҚСРО халық депутаты,
парламент мүшесі болып, қалық аманаттарын
абыроймен орындаپ, өз сайлаушылары алдында
құрметке боленіп жүрген мектеп мұғалімі Рушан-
гүл Ахметова туралы сыр шертеді.

Кітапша мектеп мұғалімдері мен қөпшілік
оқырмандарға арналған.

С 4306000000—073
404(05)—92 291—91

ББК 74.200

ISBN 5-625-01477-9

© Сарғожаев Н., 1992

АУЫЛ МҰҒАЛІМІ

Мұғалім журнал бетін әлі ашқан жок. Эдеттегісінше класты көзбен шолып, окушылардың түгел екенін ойша айқындағы.

— Отрындар,— деді де, окушылардың үйден тексеріп әкелген есеп дәптерлерін алдыңғы партада отырған окушыға үлестіріп шығуды ұсынды. Бойы партадан сәл ғана биік момакан пішінді сары бала үш қатар етіп койылған парталарды аралап жүріп, дәптерді тез үлестіріп шықты. Эркім өз дәптеріндегі тексерілген үй жұмысының дұрыс-бұрыстығын білу үшін жапа-тармағай парактап ашып жатыр. Сірә, «бестік» алғандар болар, кейбіреуінің күлімдеген жүзінен-куаныш пен мактанды нышаны біліне бастады..

Кешікпей-ақ класта тыныштық орнады. Тәртіп сактау, партада дұрыс отыру бұл кластиғы окушылардың дәстүрге айналған үйреншікті әдеті екені көрініп түр — денелерін тікте сергек үстап, колдарын алдына айқастырып қойып, бар ынта-зейіндерін мұғалімге аударып тына қалған.

— Откен сабакта үйге қандай тапсырма беріліп еді, кім айтады?

Класс түгелге жуық кол көтерді. Ес тоқтата қоймаған бастауыш класс окушылары болса да, «мен айтам» деп сабырсыздық танытқан

ешкім болмады. Мұғалімнің иек қағып мег-
зеуімен ортаңғы қатарда отырған қыз бала
орнынан тұрып, үй тапсырмасын және оны
калай орындау шарттарын айтып берді.

— Тапсырманы кім тактада орындаиды—
деді ұстаз оқушыларына сыйай қарап тұрып.

Бұл жолы да тактаға шығуға оқушылардың
көбі ықылас танытып, қолдарын көтерді. Мұ-
ғалім қуаныштан толқып тұрған тәрізді. Элі
де журналға қарай койған жок. Қос жанары
өзіне жәудірей қараған көңілдері кіршіксіз
балғын шәкірттеріне іштей сүйсінді, олардың
талпыныстарына риза болды.

— Исраилова Арзыгүл,— деді сезім толқы-
нын тез кері серпіген ұстаз.

Орнынан сыпайы тұрған Арзыгүл бірден
тактаға шықты. Борды қолына алғып, есептің
шығу жолын жаза бастады. Парта-арасымен
баяу жүріп бара жатқан мұғалім артына
бурылмастан:

— Арзыгүл, есепті дауыстап айтып шығар.

Өзің де, өзгелер де жете түсінсін,— деді.

Арзыгүл нәзік дауысын көтеріп, есепті ба-
сынан бастап айта отырып жазуға көшті. Бұл
тәсіл өте тиімді еді. Есепті айтып шығару
үшін оқушы оны ең алдымен өзі жақсы білуғе
тиісті және өзгелерге түсінікті етіп жеткізу
жауапкершілігі пайда болады екен.

— Сейдер, дәптерлерінді жауып, Арзыгүл-
дің айтқаны мен шығарғаны дұрыс па, соны
қадағалап отырындар. Қате жіберсе, кол кө-
теріп, айтып түзетесіндер,— деп, өзге оқушы-
ларға да қатаң ескертіп қойды.

Тактаға үнсіз қадалған оқушылар Арзыгүл
есебінің соңын күттеде.

— Эбдусалам, түзу отыр. Оқушының пар-

тада қалай отыруы керектігін ұмытпағаның жақсы,— деді шёттегі бүйра бас, домалақ қара балаға жолай ескерту жасап.

Үй тапсырмасын тексеріп болған соң мұғалім жаңа сабакты түсіндіруге кірісті. Аз сейлеп, көп білдіруге талпыныс байқалады. Жаңа сабакты окушылардың жас ерекшелігіне лайықты женіл тілмен көкейге біртіндеп күйип жатыр. Шәкірттерінің білім деңгейі, таным-талғамы, қабілеті үнэмі ескеріліп отырғаны соншалық, бүгінгі өткен жаңа сабак күндеғіден де оңай болып, жете менгерілгені аңғарылып тұр.

Түсіндіріп болысымен тағы бір тосын ерекшелік танытты: жаңа сабакты окушыларды өзіне ілестіре отырып дауыстай қайталап шықты. Бұл, біріншіден, окушыларды сергітті, екіншіден, олар көңілге түйгендерін сөзбен айтып жеткізді.

Үйге тапсырма берді. Кешегі үйден шығарып келген есептері жазылған дәптерлерін тексеруте жинап алды. Журналды сабак аяқталарап кезде ғана ашып, бүгінгі сабак барысы бойынша окушыларға тиісті бағаларын койды.

— Балалар, бүгін — сенбі. Сабактан кейін бұл сенбідегі класс сағатымыз не жөнінде өтпекші еді?— деді Рушанғұл негізгі мәселе-нің жауабын окушылардың өзіне айтқызууды максат етіп.

— Шоқан Ұәлиханов туралы әңгіме өткіземіз дегенсіз,— деді окушылар жамырай дауыстап.

— Дұрыс. Өздерің де білесіндер, біздің мектеп Шоқан Ұәлихановтың есімімен аталады. Сондықтан сендер де Шоқанның өмірі, істеген

қызметі, еліне тигізген пайдасты туралы мәліметтерді көтеп білуге тиіссіңдер. Осыған орай бүгінгі класс сағатын Шоқан Үәлихановқа арнап өткіземіз,— деп ойын тиянакташ тоқтағанда, қоныраудың үні естілді.

— Узіліске шырып келіндер.

Ұстаз бен шәкірттер тобы мектепке кіре берістегі Шоқан портретінің алдымен сыртқа беттеп барады. Узіліс кезінде де жұптары жазылар емес. Бірі бар ынта-жігерімен білім дәнін егіп жүрген ұстаз да, қалғандары — сол дәннен түлеп өсіп келе жатқан жаңа жас үрпак. Мектеп — Алматы облысы, Еңбекші-Казак ауданына қарасты Қайназар селосындағы казак, орыс, уйғыр тілдерінде білім беретін орта мектеп. Ұстаз — бастауыш қластиң мұғалімі — Рушангүл Сунуркызы Ахметова.

Рушангүл Сунуркызы класс сағатын өткізуғе келе жатып, есік алдында жиналыш тұрған X қластиң бір топ оқушысын көрді.

— Апай, сіз Шоқан Үәлиханов туралы класс сағатын өткізетініңізді естіп едік. Біз де қатысайық, рұқсат етіңізші!

— Бос болсаңдар, кірулеріне рұқсат! Бірак біздің кішкентай балалармен өткізетін әңгімеліміз сендерге үнай кояр ма екен? Жалығып кетпесендер,— деп мұғалім жайдары құліп койды.

— Жалықпаймыз, апай! Сіздің өткізген әңгімелеріңізді бұрыннан естіп келе жатырмыз ғой. Қайта біз үшін өте кызықты,— деп жамырай жауап беріп жатты.

— Онда кіріндер. — Өзі бастап класқа кірді. — Балалар, бізге X қластиң оқушылары қонаққа келіпті,— деп, орындарынан үдере көтеріліп тұрған оқушыларын елең еткізіп сергітіп алды да, «конактарын» жайғас-

тырды. Алдын ала дайындаپ қойған көрнекі қуралдарын тиісті орындарына тез-тез іліп:

— Біздің мектеп Шоқан Үәлихановтың есімімен аталатынын әрқашан мақтан етеміз. Жай мақтан етіп қоюмыз жеткіліксіз, Шоқан жөнінде барынша көп, барынша жақсы білуге, оның әнегелі өмірінен үлгі алуға тиіспіз. Шоқан да өздерің сияқты бала болып, партага отырып, өз үстаздарынан білім алды. Ол еткен ғасырда өз ана тілінде емес, арабша, орысша оқыған. Шоқан — қазақ халқынан шыққан тұңғыш ғалым. Мына X класс окушылары жақсы біледі, ол үлкен тарихшы, этнограф, ориенталист, географ, фольклорист, ағартушы әрі демократ, дей келіп, екі клас-ка ортақ боларлық тәсіл таба отырып, Шоқан атына берілген осы бір сәэдердің мәнін түсіндіріп етті.

— Шоқан хан тұқымынан шыққандыктан, окуына, білім алуына мүмкіндігі болды. Ол шығыс тілдерінен араб тілін, сол кезде Орта Азия мен Қазақстан үшін ресми тіл болған шағатай тілін жасынан жақсы үйреніп өсken. Кейінірек Орта Азияның түркі тілдерін түгел менгерген. Орыс тілін мейлінше жетік игерген. Оған мұсал, 1847 жылы он екі жасар Шоқан-ды әкесі Уәлихан Омбы қаласындағы кадет корпусына окуға түсіреді. Бұл кадет корпусы ол кезде Сібірдегі ең тандаулы оку орны болатын. Онда негізінен ауқатты адамдардың балалары ғана оқитын. Шоқанның арғы атасы атақты Абылайхан екенін де біліп жүргендерік жөн. Шоқанның туған жері — Костанай облысындағы Құсмұрын бекінісі. Оның шын аты — Мұхамметханафия, ата-анасы еркелетіл Шоқан деп атап кеткен. Шоқан кадет корпусынан окуя алғанда оның ата-анасының атынан Шоқан дегендегі аттын алған.

сында өте жақсы оқып, екі жылдан кейін-ақ өзінен екі-үш жас үлкендердің класындағы лардан артық білген. Өзімен бірге оқыған досы-кейін атакты Шығыс зерттеуші ғалым атаған Г. Н. Потаниннің естелігі бойынша, он төрт-он бес жасар Шоканға мұғалімдер сол кезде-ақ болашақ ғалым деп, оған зор үміт артқан. Ол тарих, география жөніндегі кітаптарды бас алмай оқиды екен. Кітапханадан өте сирек кездесетін кітаптарды алғып окуға кадет корпусының басшылары оған арналы рұксат берген. Орал, Еділ, Қаспий алқабын, Оңтүстік Сібір және Байқал мен Алтайды зерттеген П. С. Талластың (1741—1811) «Саяхат» деген кітабын, Еділ, Қаспий, Оралдың тарихы мен этнографиясын жазған П. И. Рычковтың күнделік кітаптарын жатқа айтып отырады екен.

Шокан 1853 жылы кадет корпусын бітіріп, атты әскер полкында офицер болады. Омбыдан Семейге, Іле Алатауына алғашкы саяхаттарын жасайды. Бұл жақтан қайтарында Жөнғар қақпасынан Тарбағатайға дейін барып, тарихи және этнографиялық күнды материалдар жинайды. Осы еңбегін жоғары бағалаған Батыс-Сібір генерал-губернаторы Гасфорт оған поручик атағын береді. Кейін М. М. Хоментовский басқарған әскери-ғылыми экспедициямен Кыргыз елін зерттеуге, Үстүккөл аймағының картасын түсіруге араласады. Бұл зерттеу сапары әлемге әйгілі саяхатшы Семенов Тянь-Шанскиймен бірге өтеді. Экспедицияның барысында түрлі коллекциялар жинап, Үстүккөл жағасындағы қираған көне қалалардың калдықтарын тексерген, тас мүсіндердегі жазуларды қағазға түсірген. Сол

сапарында қырғыз халқының маңаңшыларынан атакты «Манас» жырын көшіріп алады. Бұдан соң патшалық Россия Қытаймен ара-дағы сауданы жаксарту және екі мемлекеттің арасындағы шекара дауын шешу үшін Шоқан-ды Құлжа сапарына жібереді. Одан кейін жарты жыл Қашқарияда болады. Қашқария-дағы Алты шаңар елін мұқият зерттейді. Ол кезде Алты шаңар деп солтүстіктен Тянь-Шань, онтүстіктен Кунь-Лунь таулары кор-шал түрған Қашқар, Аксу, Уштұрпан, Жана-шар, Жәркент, Хотан қалаларын атайтын. Қашқардың саяси құрылышын зерттеп, ондағы үйғыр халқының тарихы мен этнографиясынан көлтеген материалдар жинаған. Ғылымра керекті бай материалдар мен сирек кеңесетін деректер әкелген. Шоқанның бұл материал-дары Шығыстың тарихы мен географиясы жөніндегі Европа ғылымын мықтап байытқан шын мәнісіндегі географиялық жаңалық деп танылады. Осы сапардағы Шоқан әкелген материалдардың құндылығы сондай, олар кешікпей-ак Германияда неміс тілінде, кейін Лондонда ағылшын тілінде жарияланды. Осыдан кейін поручик Шоқан Ұәлихановқа штабс-ротмистер эскери атағы мен IV дәреже-лі Ізгі Владимир орденін береді. Петербург ғалымдары мен сол кездегі патша Александр II Шоқанды енді Азия департаментінде жұмыска қалдыру жөніндегі бүйрыққа қол-кояды (1860). Сөйтіл, Шоқан орыс география қоғамында жұмыс істей журіп, Петербург уни-верситетінен лекция тындаиды. Бас штабтың эскери-ғылыми комитетінің тапсыруы бойын-ша Орта Азия мен Шығыс Түркістанның кар-таларын сыгады.

Ағылшын, неміс, әсіресе француз тілін жақсы білген Шоқан енді шетел тілдеріндегі жарталарды да зерттейді. География қофамында Риттердің енбектерін баслаға әзірлеуге қатысады. Казакстан мен Орта Азияның географиясы, этнографиясы жайындағы материалдарды құрастырады. Қофам мүшелеріне Шығыс Түркістан, Тянь-Шань, Қырғызстан тақырыптары бойынша лекция оқиды.

Саяхатта жүргенде Шоқан науқасқа шалдырып, дәрігердің ақылымен Петербургтен ел ішіне қайтып келеді. 1864 жылы көктемде Шоқанды Оңтүстік Қазакстанды Россияға косу жөніндегі М. Г. Черняевтің әскери экспедициясына шакырады. Онда көп болмаған Шоқан Верныйға оралады. Осы маңайдағы Албан руының аға сұлтаны Тезек төренің ауылында аялдаپ, оның карындасы Айсарыға үйленеді. Осы арадан Батыс Қытайдағы дүнгендер көтерілісімен байланыс жасап тұрады. Алайда ауру әбден мендеген Шоқан 1865 жылы Алтынемел жотасының етегіндегі Көлпен-тоған деген жерде, яғни Тезек төре ауылында қайтыс болады. Сонау Қекшетаудан Алтын емелге келген туыстары оның мұрдесіне күйген кірпіштен күмбез орнатады. Ал Шоқанды сыйлаған достары оның зиратына мәрмәр тастан ескерткіш белгі кояды. Ол тасты Екатеринбургте (казіргі Свердловск) жасатып, Омбы, Семей арқылы Алтынемелге әкелген. Мәрмәр таста орысша, казақша: «Бул араға 1865 жылы қайтыс болған штабротмистер Шоқан Шыңғысұлы Ұәлиханов жерленген. Түркістан генерал-губернаторы І Кауфманың тілегі бойынша Ұәлихановтың ғылымра сіңірген еңбегі үшін осы ескерткішті 1881 ж.

генерал-лейтенант Колпаковский қойған» деген жазуы бар ескерткіш суретін көрсетіп, мұғалім әңгімесін осы арадан аяқтайтындағы сыңай танытты.

Сәл үнсіздіктен соң:

— Шоқан өлгенімен, оның еңбегі өшкен жок. Сол еңбегін артындағы халқы құрметтеуде. Көптеген жер аты, елді мекен Шоқан есімімен аталады. Қане, бұл туралы билетіндерінді айтып көріндерші,— дед Рушангул енді оқушылардың өзін әңгімеге тартты.

— Кекшетау облысында Уәлиханов ауданы және село бар,— деді оныны класс оқушыларының бірі.

— Дұрыс, тағы қандай?

— Уәлиханов атындағы көшелер өте көп,— деді енді бірі.

— Бұл да дұрыс. Тағы да?

Оқушылар ойланып қалды. Бір оқушы:

— Біздің мектеп Шоқан Уәлиханов атында,— дел келе жатыр еді, көпшілік «мұны бәріміз білеміз» дегендей ду күліп жіберді. Оларға косылып мұғалім де күлді. Класс іші бір сәт серпіліп, көңілденіп қалды. Оқушылардың ойын одан әрі өрістетуді көздеңген мұғалім:

— Шымкент облысының Алғабас ауданында Уәлиханов қонысы бар, Жонғар Алатауының солтүстік беткейіндегі Лепсі алқабында және осы Жонғар Алатауының сілемі Коратаянда, яғни Балақора мен Корға өзендерінің су айрымында Уәлиханов шындары бар. Айта берсек мұндайлар өте көп. Өйткені, Шоқан еңбегінің көбі Жонғар Алатауына қатысты болды. Шоқанның кім болғаны жөнінде аздақ болса да мағлұмат алған боларсындар.

Егер жалығып, шаршасандар, әңгімемізге қосымша өзіміздің «Қазақфильм» түсірген Шоқан туралы киноны көруімізге де болады.

— Апай, біз оны көргенбіз. Бірақ тағы да көргіміз келеді. Қазір көрсетінізші,— деп окушылар шулаپ коя берді. Окушылардың бұл ынта-ықыласын мұғалім ризалықпен қабыл алды. Ол Шоқан туралы әңгімені фильммен үштастырса, окушылардың алған мағлұматы толығып, тиянакты болады-ау деп түйген еді. Алайда әңгімеге біраз уақыт кетіп, окушыларды шаршатып алдым-ау деп те ойлады.

Фильм аяқталысымен мұғалім:

— Балалар, сендер Шоқандай бола алар ма едіңдер?— деп ешкім күтпеген тосын сұрак койды.

Окушыларда үн жок. Шыбын ызыны естілер тыныштықты мұғалім взі бұзды:

— Калай, бұл сұрак сендерге ауыр тиді ме? Ауыр екені де рас. Алайда, «Олай болмақ қайда деп, Айтпа ғылым сүйсеніз»,— деп қазақ халқының ұлы ақыны Абай айтқандай, ұлы, данышпан адамдарды біліп қана қоймай, олардан үлгі, өнеге алу керек. Халық құрметіне бөленген кеменгерлер де анадан туған, оқып білім алған, еңбек еткен. Ондай адамдар табиғатынан қабілетті, талантты болатыны да рас. Дегенмен, олар ерекше еңбектенген, яғни ізденіп оқып, жақсы білім алған, халқын сүйіп, оған зор пайда келтіруді мақсат еткен. Алдына қойған мақсатының орындалуы жолында қабілеттін, бар күш-жігерін аямай жұмсаған. Орнымен істеген еңбек кашан да өз жемісін береді. Еңбек жемісті, пайдалы болуы үшін алға қарай ірі мақсат коя білу керек. Міне, мына X класс окушылары менің бүгінгі

айтқан әңгімелерімді өздері де біледі. Сонда да Шоқан жөнінде тың нәрселер естіміз бе деп келіп отыр. Бірақ біз өз класымыздың кішілігін ескеріп, әңгімемізді күрделендіре алмадық. IV кластың окушылары, мына X класс окушыларынан үлгі алындар. Бұлар Шоқан туралы көбірек білсек деп біздің класс сағатымызға келіп қатысып отыр,— деп, екі класс арасына жақындық, бауырмалдық қатынастың ұрығын сепкендей әсер қалдырып кетті. — Сендер, X кластың балалары, Шоқан Уәлиханов жөнінде сұрактарың, пікірлерің болса дайындал жүріндер. Көп кешікпей бұл тақырыпты әрі қарай жалғастырсақ деген оймыз бар. Мүмкін бірнеше кластың басын қосып әңгімемізді кеңейтіп өткізерміз. Ол жөнінде алдағы уақытта өзім хабарлармын. Дайындалып жүріндер,— деп класс сағаты аяқталғанын аңғартты. Орындарынан тұрған окушылар өздеріне сүйікті болған мұғалім Рушангүл Сунурқызының соңынан еріп ауыл ішіне сіздіп барады.

КОЛЛЕКТИВ ҚАЛАУЛЫСЫ

1989 жылғы наурыз айының 26-сы күні ҚСРО Халық депутаттарының сайлауы өтетіні туралы теледидар, радио, баспасөз арқылы халыққа кеңінен жарияланып, бұл сайлау бұрынғыдай емес, әрбір енбек колективі өз ішінен лайықты кандидаттар ұсынуға толық мүмкіндіктері барына көздері жетіп, халық бұл науқанға құлшына кірісті. Сол халықтың бір бөлшегі—осы Шоқан Уәлиханов атындағы мектептің мұғалімдер колективі депутаттық-ка кандидат ұсынуға батыл кірісіп кетті. Әзге ірілі-ұсакты енбек колективтері тәрізді

бұлар да өз қалаулыларын үсынуға асығып, мұғалімдер мен осы мектепте істейтін қызметкерлер, жұмысшылар толық жиналды. Бұл да өзінше бір үлкен колектив екені осындай бас қоса қалған жиындарда ғана білінеді екен. Ал, әншайінгі күні біреу сабак беруге келіп, екіншісі сабактан қайтып жатқан мұғалімдердің сан аумағы онша анғарыла бермейтін болса керек. Бүгінгі төтенше бас қосу жиыннан ешкім қалмаған сияқты, ауқымданып, мектептің жиналыс залын толтырып жіберді.

Бұл кезең — жиналыстар қызу өтетін болған кез. Алайда құрметті де жауапты, тіпті коллективке сын болып табылатын бүгінгі бас қосу кібіртіктеген, айдысын айдыған — әркім бет алды шығып сөйлей беруге батылы жетінкіремеген жағдайда басталды.

Мектеп директоры шағын кіріспе сөз айтып, көпшілікке бағыт сілтегеннен кейін барып әркім әр түстан өзі діттеген мұғалімнің кандидатурасын үсынып жатыр. Сөйтіп бес мұғалімнің аты аталды және олардың артықшылықтары да атап көрсетіліп жатты. Солардың біріне өздерінізге таныс Рушангүл Сунурқызы ілікті. Көпшілік осы бес мұғалімнің кандидаттығына тоқтап, олардың ішінен бірін іріктеп алу мәселесіне кірісті. Сөз біртінде өрбі берді. Ақыры екі мұғалім іріктеліп шықты. Бірі — Ахунова да, екіншісі — Ахметова Рушангүл. Осы кезде сөз кезегін осы мектептің байырғы мұғалімі, «Қазақ КСР Оку-ағарту ісінің үздігі», көп жылдар бойы осы мектептің директоры болған, ойра-қырға шапқылап жүріп осы мектепті салдырган ең құрметті де карт мұғалім Илияс Оразбаков алды. Илияс аға әр сөзін сабырмен дәлелдей отырып сөйлейтіні мұнда-

ғы көпшілікке ежелден белгілі еді. Ол кісі әнгіме төркініне қазір де тіке кетпеді. Әріден бастанды:

— Казак халқында «Аттың сырғы иесіне мәлім» деген мақал бар. Мен сендердің көбінде устаздық еттім, кейін оқу ісінің менгерушісі, мектептің директоры болып осы коллективті басқардым. Сендер қашан да ынтымағы, бірлігі жарасқан коллектив бола білдіндер, әлі де солай болып келе жатыр. Бүгінгі жиналыс бізге үлкен жауапкершілік жүктеп отыр. Кай-кайсымыз да ағынан жарылып, әділ сәйлегеніміз жөн. Өйткені ертеңгі күні жүзіміз ашық, үмітіміз акталатын болсын демекпін. Мәселен, мен жаңа өздерің атап өткен Рушангүлді ол бірінші класқа келіп оқи бастағаннан бері білемін. Рушангүлдің әке-шешесі Қиқбай ауылынан қашан және қалай көшіп келгені де, колхоздың сол кездегі бар ауырпалағын арқалап, танның атысынан кештің батысына дейін ат сокамен жер жыртып, егін өсіргені, осы колхоздың бүгінгі дәүлетіне қаншалықты үлес қосқаны да маған белгілі. Алғаш мойынсерік, одан артель, бертін колхоз болған ауыл тіршілігіне бала жастаң бірге араластық. Түске дейін мектепте болсак, түстен кейін сол кіслермен бірге колхоз шаруашылығында жүрдік. Ал түнге қарай ауыл ірғесіндегі темекі сабактары жайылған жабынды астына келіп, жарым түнге дейін темекі жапырағын тігетінбіз. Немесе қызыл қырманға барып алтын дэнді тау самалымен сапырып, таңға дейін астық тазалайтынбыз. Осындай ауыр жұмыстар атқарған кешегі адамдар өмірі қазір ертегі сияқты болып көрінеді.

Рушангүл өзі осы мектептен сегізінші класты орысша бітірді. Үйғыр қызы өз ана тілінде оқымаса да, орталау мектепті үздік аяқтаған талапты жас Есік қаласындағы педагогикалық училищеге конкурссыз түсті. Оны да өте жақсы бітірді. «Социализм» совхозындағы Садыр атындағы орта мектепті еңбек жолын пионер вожатыйлығынан бастағаны кеше ғана еді, біздің мектепке келгеніне де мінеки, он бес жыл толыпты. Қазактың Абай атындағы педагогикалық институтының география факультетін сырттай бітірді. Жоғары класстарға екі жыл география пәнінен сабак берді де, өз тілегі бойынша бастауыш кластарға сұранды. Пионер вожатыйлығынан бастап тәжірибе жинақтаған бұл педагогтің барлық салада да қабілеті зор екеніне көзім сол кезде-ақ жеткен болатын. Байқап қарасам, бастауыш кластардың жас бұлдіршіндеріне бір табаян жақын әрі соған рухани жан дүниесімен берілгендігін танытып келеді. Ендеше жас мұғалім өзінің қайда пайдалы екенін де жақсы аңғара біліпті.

Бір кездегі үздік оқушы, өзі оқыған класта асқан зеректігімен ерекшеленетін. Сол қасиеті әлі бар, қайта ол жетіле, толыса түскенін танытып жур. Онысын өзі оқытқан кластың үлгерімінен де анық байқап журміз.

Рушангүлдің екінші бір қасиеті — қазіргі еліміздің экономикасында болып жатқан терең өзгерістер мен саяси жүйені демократияландыру және коғамды рухани жаңарту барысында бұл тарылымды үстаздың үнемі белсенделік танытып келе жатқанын көріп журміз. Бұл оның болашаққа деген сенімін, жаңа серпілістерге үмтүлattyның көрсетеді.

Рушангүлдің болашағы әлі алда, одан зор үміт күтүге болады. Кімнің болмасын бүгінгі күнін салмақтап, соған ғана қанағат тұттайық, болашағын болжайық. Алдағы атқаратын ауқымды жұмыстың ауыр жүгін көтере ала ма, әлде жарты жолда қалып, ел сенімін ез ете ме, соны анықтайық,— деп бір тоқтады. Ел үнсіз үйшіл тындап отыр екен. Жай емес, әр сөзді електен өткізіп отырған сияқты. Шындығында халықтың қамын, оның болашақ мұддесін ойлайтын, оны шеше алатын жан-жақты сауатты, өршіл талапты адамды ұсыну қажет екенін әркім-ақ қажетсініп отырған болатын. Қөптің назарын Ілияс аға өзіне қайта аударып, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне бірден көшті:

— Жолдастар, егер дұрыс тани білсем, КСРО Халық депутаттығына осы Рушангүл Сунуркызы Ахметова лайықты,— деді. Қепшилік ду қол шапалақтады. Ілекен бұлай колдау табам деп ойламаса керек, алғашында өзі сасқалактап қалды. Артынан барып Рушангүлдің кандидаттығын қолдап сөйлегендеге қателеспегенін, көвшіліктің көңілінен шықканы сезіп, өзі де куанып, косыла қол соғып жіберді...

СЕНИМ — СЕҢ БҰЗАДЫ

Рушангүлдің сенім артқан коллективі Ілекенді — карт үстаз Ілияс Оразбаевты оның сенімді өкілі етіп бекітті. Олар енді өз әріптестерімен болатын алдағы сынға яғни депутат сайлауына әзірлену максатымен өз бағдарламаларын жасауға кірісіп кетті. Рушангүл өз коллективінің сеніміне ие болға-

нына бір жағынан куанса, екінші жағынан олардың үмітін актай алармын ба деп қатты толқыды. Қөптің сенім білдіргені менен үміт күткені ғой деп түсінді. Ендеше шегінуге болмайды деп түйді.

Сол жылғы қантар айының басында Рушангүл және оның сенімді өкілі Глияс Оразбаев Ұйғыр ауданының орталығы Шонжы селосына келеді. Рушангүлдің кандидатурасын ұсынған Еңбекшіқазак және Талғар аудандарынан бұларға тілектес болған тиісті адамдар да барған-ды. Астаналық облыстың Балқаш, Еңбекшіқазак, Талғар, Шелек, Кеген, Нарын-кол, Ұйғыр аудандарының және Талғар қаласының сайлаушылары Шонжы селосының округтік сайлау алдындағы жиналыста осылай бас қосады.

Шонжы селосының «Шатлик» деп аталатын кинотеатрында бұл күні конактарды, сайлаушыларды қарсы алуға үлкен дайындық жасалынғаны аңғарылады. Қеше бойы жан-жактән ағылып келіп жатқан халық, сапырылышкан жеңіл автомобильдер. Эсіресе осы аудан сайлаушылары, футбол жанқүйерлері ойын өз алаңдарында өтетініне қуанатыны сиякты, сайлау басқа жерде емес, осында — өздерінде өтетініне шын риза сиякты. Өйткені өз қалаулыларына яғни өз кандидаттарына дауыс беруге толық мүмкіндіктері бар деген сөз,

Кинотеатрда әр түрлі ұлттардың музыкасы ойнап, аскак әндер қалықтауда. Театр маңы ашық жәрмеңкеге айналған: өнеркәсіп товарлары, азық-түлік дейсің бе — бәрі бар. Айнала өзінше бір той-думан. Билей жүріп ән салған Ұйғыр қыздары шат күлкісімен, сұлу сымбатымен көз тартады. Тірсекке жетер кос буры-

мы, кияқтай қою қара қасы, бидай өнді қараторы жүэдере мүлде ажарданып кеткен. Коныраудай сыңырлаған нәзік дауыстары да кіршіксіз көнілдің пәктігін, жан сұлулығын паш етіп түрғандай. Дутар үні бірде жүректі шымырлата күмбірлесе, бірде оқыс өрге шашып, тұла бойынды биге жетелейді.

Ұйғыр, қазак, орыс тілдерінде алма кезек шырқалған ән, думанды қызу әңгіме бір-бірімен жақсы жарасым, өзара бауырмалдық үйлесім тапқан. Мұнда ұйғыр халқы мен қазак халқы — төсекте басы, төскейде малы араласып, құдандалы болып кеткен тату көршілер. Тіпті мұндағы түрғындарды түріне, тіліне қарап қай үлттан екенін ажыратадын өзі қиын.

Жиналыш та үш тілде, жылы шырайлы, жарасымды жағдайда өтті. Оның өн бойына арқау болған тақырып — кандидаттардың ең лайықтысын жоғары үкімет органына сайлау. Сонымен бірге байырғы халық мәдениетінің гүлденеүіне, тарихына үнілу, оку, білім алуштегін жақсарту мәселелері болды.

Жиналышта кандидаттардың атына негізінен жылы сөздер молырақ айтылды. Қайсысы болсын женімпазына халық атынан бір ғана тілек — халықтың көкейінде жүрген мәселе — ана тілін жетілдіруді парламент мүшесі ретінде нысана етіп қою керектігін тілге тиек етті.

№ 131 Алматы — Талғар территориялық сайлау округі бойынша КСРО Халық депутаттығына кандидат етіп үш адам ұсынылған болатын. Олар — Енбекшіказак ауданы Шоқан Уәлиханов атындағы орта мектептің мұғалімі Рушангүл Сунуркызы Ахметова,

Ұйғыр ауданындағы № 3 Шонжы орта мектебінің мұғалімі Рашида Назарқызы Измахунова және Шелек ауданындағы «Маяк» совхозының темекі өсірушілер бригадасының бригадирі Замандин Бахамов еді.

Жиналыста сез сөйлегендер бұл сайлаудың бұрынғы сайлауларға қарағанда аса маңыздылығы мен мұлде өзгешелігіне баса токталды. Сайлау тәртібінің өзгешелігі де, мәнділігі де осы ашық талқылаудан туындастырының да екендігі көрсетілді. Енді депутаттар бұрынғыдай келесі сайлауға дейін ілініп-салынып жүре бермей, салғырттықтан толық арылмақ. Құрмет пен сенімді актамаған жағдайда сайлаушылар депутаттың қайта шақырып алуға праволы екені баса ескертілді. Депутат бұрынғыдай көп дүрмектің арасында санды көбейтіп жүре бермеуі керек, жұмыс сапасымен танылуы тиіс. Белсенділік көрсетуі, халық қамын ойлауы, түрлі проблемалық мәселелерге үйтқы болуы шарт. Ол үшін, әрине, сайланған депутаттың санады, білімді, сауатты, жігерлі болғаны жөн. Бір сөзбен айтқанда, ол — халық көңілінен шыққан сенімді өкіл.

Уш депутат та Ұйғыр ұлтынан еді. Ушеуінің жасы да, білімі де үш түрлі.

Р. Измахунованың сенімді өкілі Р. Илиева мінбеге көтерілді. Ол Ұйғыр ауданында № 3 Шонжы орта мектебінің мұғалімі екен. Р. Илиева сезін кандидаттың өмірбаянынан бастады. Рашида мектепте көп жылдар бойы үлгілі үстаз атанды келе жатқан педагог екен. Өзі «Қазак КСР оку-ағарту үздігі» дейтін құрмет белгісінің иегері болыпты. Сенімді өкілі Рашида Назарқызы Измахунованың

өмір жолын баяндай келе мінезіне, ҳалқы сүйер жаксы қасиеттеріне токталды. Оған тән басты қасиет — қаралайымдылық. Шәкірттері мен әрілтестері оны осы қасиетіне бола аса құрметтейді екен. Ол ешқашан көзге түсуге тырыспайтыны, бірақ оны білетіндер Рашидамен үнемі санасып отыратыны туралы айтылды. Ішкі жан дүниесінің қазалығымен, біреуге қол үшін беруге әрдайым әзірлігімен ерекшеленетінін айтты ол сөзінің соңында.

Бұдан кейін № 3 Шонжы орта мектебінің колективі, ондағы ҳалықтар достығы жайлыш айта келіп, Рашиданы педагогтар арасындағы ең беделді үстаз деп мақтады. Ұйғыр ҳалқының салт-дәстүрін жете біледі, оны өзі құрметтеп қана қоймай, жас ұрпаққа насиҳаттап, оларды ата жолын қууга, ұйғыр тілін дамытуға өлшеусіз үлес косып жүргенін мақтауын жеткізе баяндап жатты. Айтылған пікірлерден Р. И замаханова орыс тілі пәнінің мұғалімі, жиырма жыл бойы үздіксіз үстаздық еткен, тәжірибесі мол, қоғамдық негізде аудандық методикалық кенесті басқара отырып, мектепте әлеуметтік әділеттілік принциптерінің сақталуына, оқушы правоносына және білімінің үстірт болмауына ден қоятыны, соның нәтижесінде республикамыздың оқуағарту ісінің ең үздіктерінің бірі атанғаны белгілі болды.

Бұдан кейін кандидаттың өзіне сөз беріліп, ҳалық оның сайлау алдындағы бағдарламасын тындалды. Орта жастан асып, ауыл ардақтысы атанған Рашида Назарқызының сабырлы, байсалды қалпы жиырма жыл бойы үстаз болған ұлағатты кейіп-мінезін танытып түр.

— Біздің бүгін көптеген проблемаларымыз тәрбие жұмысының нашарлығынан туындал жүр. Бұл мәселе педагог әрі ана ретіндегі маған өте ұрыныкты. Сондыктан адамың мінез-құлық тәрбиесін тубірінен жақсартуды, егер депутат болып сайлансан, бірінші кезекте қолға аламын. Сондай-ақ жас ұрлакқа білім мен тәрбиенің ұрығын себуші — мұғалімнің он жылдан тұрған үй кезегінде тұрмауына қол жеткіземін. Ана ретінде айтارым, аналарға жас нәрестесі үш жасқа толғаша ақылы демалыс беруін талап етемін. Бұл өзін-өзі актайды: балабақшаға, оны жабдықтауға, аналардың сыркаттанған баласын күтуіне төленетін қаражаты қажет болмайды.

Қазір біз ұлттық және ұлтаралық қатынастар мәдениетін жетілдіру жөнінде көп әрі дұрыс айтып келеміз. Балалардың өз ана тілін, тіпті орыс тілін де нашар білуі мұғалімдерді ғана емес, біздің әрқайсымызды толғандырады. Сондыктан бұл мәселені зерттеуге партия, совет қызметкерлері, ғалымдар араласып, ана тілін үйренуге, қос тілділікті менгеруге бөгет келтіріп отырған себептерді анықтауды және оларды жоюды талап еткен болар едім.

Кез-келген дәрежедегі депутаттың міндеті — үкіметтің саясатын жүзеге асыру, қайта құрудың ілгерілеуін, экономиканың, мәдениеттің, әлеуметтік саланың дамуын жетілдіруді камтамасыз ету, сөз бен істің бірлігіне жету. Округтің проблемалары көп. Оның бірі — денсаулық сақтау. Осының бәрі шұғыл шараптар колдануды керек етеді. Мен бұған үлкен үлес косамын деп уәде бере ала-мын,— деп сөзін аяқтады.